

Excel электрондық кестесін толтыру ережелері:

- 1) Әрбір бақылау (науқас, эксперименталды жануарлар) электрондық кестенің бір қатарына сәйкес келуі тиіс, әр айнымалы (индикатор, көрсеткіш) - бір бағанға;
- 2) Электрондық кестенің бірінші жолында айнымалылардың атауы беріледі, бірінші баған әдетте нөмірлеумен толтырылады:

№	Т.А.Ә.	Жағдайы	Жасы (жыл)	Жынысы	Бойы (см)	Аурудың сатысы
1	Сидоров И.Р.	1	60	1	189	2
2	Петров Т.Т.	0	82	1	175	1
3	Иванова А.Р.	1	48	0	181	2
4	Калиев К.А.	1	62	1	173	3
5	Аманова С.Р.	1	81	0	178	1
6	Садуов Н.И.	0	89	1	169	2

- 3) Сандық көрсеткіштер электрондық кестенің ұяшығына сандар ретінде өлшем бірліксіз енгізіледі, сапалық көрсеткіштерді сандармен кодталуға тиіс: егер бұл номиналды көрсеткіш болса, онда кез-келген тәртіпте сандар тағайындалады (жынысы, кәсібі, отбасылық жағдай және т.б.), егер бұл реттік көрсеткіш болса - сандар ең төменгіден бастап өсу тәртібімен тағайындалады (ауру сатысы, білім деңгейі және т.б.);